

Қор нарықтары...

Қор индекстері	Мәні, теңге	Күндік өзгерістер	Жыл басынан өзг.
АҚШ			
S&P 500	6 370	▼ -0,40%	▲ 8,5%
NASDAQ	21 100	▼ -0,34%	▲ 9,4%
DJIA	44 786	▼ -0,34%	▲ 5,6%
CBOE Volatility Index (VIX)	17	▲ 5,80%	▼ -7,4%
Еуропа			
FTSE 100	9 309	▲ 0,23%	▲ 12,7%
DAX	2 067	▼ -0,07%	▲ 21,2%
Азия			
Hang Seng	25 105	▼ -0,24%	▲ 27,9%
Nikkei 225	42 665	▼ -0,52%	▲ 6,9%
Shanghai SE	3 771	▲ 0,13%	▲ 15,6%
Қазақстан			
KASE	6 709	▼ -1,30%	▲ 18,1%

Өсу және құлдырау көшбасшылары S&P 500



Бейсенбіде қор нарығы сауда-саттықты төмендеумен аяқтады: S&P 500 0,40%-ға төмендеп \$6 370,17 деңгейіне түсті; Nasdaq Composite 0,34%-ға азайып \$21 100,31 болды; DJI 0,34%-ға арзандап \$44 785,50 құрады. S&P 500-дің 11 секторынан 8-і сауда барысында төмендеді. Негізгі аутсайдерлер Health Care (-0,8%), Utilities (-0,8%) және Consumer Discretionary (-0,4%) секторлары болды. Ал Materials (+0,6%), Communication Services (+0,6%) және Energy (+0,5%) секторлары өсім көрсетті.

S&P 500 секторларын талдау	Market Cap	Күндік өзгеріс	Айлық өзгеріс	Жылдық өзгеріс
Communication Services	8 613 938 431 249	▲ 0,6%	▲ 0,4%	▲ 22,4%
Consumer Discretionary	6 159 800 622 287	▼ -0,4%	▲ 1,7%	▲ 17,8%
Consumer Staples	3 398 137 162 326	▼ -0,3%	▲ 0,6%	▲ -4,7%
Energy	1 557 627 965 190	▲ 0,5%	▼ -2,4%	▲ -2,8%
Financials	7 814 210 255 169	▼ -0,4%	▼ -0,4%	▲ 6,4%
Industrials	4 548 998 075 890	▼ -0,4%	▼ -1,0%	▲ 17,1%
Information Technology	18 275 658 683 943	▼ -0,4%	▼ -1,9%	▲ 14,2%
Materials	1 024 471 632 537	▲ 0,6%	▼ -3,3%	▲ -3,3%
Real Estate	1 053 113 222 482	▼ -0,3%	▼ -3,0%	▲ -4,2%
Utilities	1 183 882 505 758	▼ -0,8%	▼ -1,3%	▲ 15,9%
Health Care	5 148 772 160 611	▼ -0,8%	▲ 1,4%	▲ 6,1%

Бейсенбіде АҚШ қор нарығы төмендеумен жабылды, ал доллар мен мемлекеттік облигациялар кіртілігі өсті. Бұған өндірістік сектор бойынша күшті деректер себеп болды, олар ФРЖ-ның келесі айда пайыздық мөлшерлемелені төмендету ықтималдығына күман туғызды. Инвесторлар жұма күні Джексон-Хоул симпозиумында ФРЖ төрағасы Джером Пауэллдің маңызды сөзін күтуде.

Бұл тақырыпты жалғастырған жаңа статистикалық жарияланымдар ішінде инвесторлардың ең көп назарын өндірістік сектордағы іскерлік белсенділік индексінің күтпеген жерден жоғары өсуі аударды. Өндірістік сектордағы іскерлік белсенділік индексінің (PMI) шілде айындағы алдын ала мәні 53,3 пунктке жетті. Егер соңғы деректер бұл көрсеткішті растаса, ол соңғы үш жылдағы ең жоғары деңгей болмақ. Сол күні ФРЖ-ның үш екілі пайыздық мөлшерлемелені жедел төмендетуге негіз жоқ екенін мәлімдеді, ал PMI сынды мықты көрсеткіштердің жариялануы ақша-кредит саясатын жұмсартуға қатысты уәждерді одан әрі әлсіретеді.

Соған қарамастан, шілде айындағы ФРЖ отырысының хаттамасының жариялануы нарықтағы оптимизмді біршама суытты. LSEG деректеріне сәйкес, бейсенбіге қарай қыркүйекте мөлшерлемелені төмендету ықтималдығы 83%-дан 70,4%-ға дейін азайды. Құжатта қатысушылардың басым бөлігі федералдық қорлар мөлшерлемесін 4,25–4,50% деңгейінде сақтау қажет деп есептегені атап өтілген. Ерекшелік ретінде ФРЖ-ның қадағалау жөніндегі төраға орынбасары Мишель Боуман және басқарушылар кеңесінің мүшесі Кристофер Уоллер ағымдағы деңгейді сақтауға қарсы дауыс беріп, еңбек нарығының одан әрі әлсіреуін болдырмау үшін мөлшерлемелені 0,25 п.п.-ке төмендетуді қолдады.


Ақша-кредит саясатына қатысты белгісіздік аясында инвесторлар корпоративтік жаңалықтарға да назар аударды. Walmart қаржы жылы бойынша барлық табыс санатындағы тұтынушылардың тұрақты сұранысының арқасында сату көлемі мен пайдасының өскенін хабарлады. Алайда тоқсандық пайда болжамнан төмен болды және компания тарифтерге байланысты шығындардың өсуімен бетпе-бет келді. Осыған байланысты ритейлердің акциялары 4,5%-ға арзандады.

KASE акциялары	Мәні, теңге	Күндік өзгеріс	Жылдық өзгеріс
Халық Банк	368	▼ -2%	▲ 34,2%
Банк ЦентрКредит	4 450	▼ -2%	▲ 94,1%
Kcell	3 390	0%	▲ 0,3%
Казатомпром	23 300	▼ -1%	▲ 13,9%
КазТрансОйл	804	0%	▲ -2,4%
KEGOK	1 442	0%	▲ -5,2%
Kaspi.kz	49 722	▼ -2%	▲ -9,3%
КазМунайГаз	19 605	▼ -1%	▲ 34,0%
Эйр Астана	740	▼ -1%	▲ -35,2%

Валюта	Мәні, теңге	Күндік өзгеріс	Жылдық өзгеріс
USD/KZT	537,19	▼ -0,15%	▲ 2,4%
RUB/KZT	6,40	0,00%	▲ 31,5%
CNY/RUB	11,02	0,01%	▲ -21,3%
EUR/USD	1,1605	▼ -0,39%	▲ 13,1%

* Өзгеріс базистік пункттермен көрсетілген, 1 б.п. = 0,01%

Дереккөз: Refinitiv Eikon



Дереккөз: Refinitiv Eikon

Біздің Centras Securities Telegram-арнамызға жазылыңыз немесе сілтеме арқылы өтіңіз <https://t.me/centrassecurities>

Біздің сайт: <https://cesec.kz/>

Байланыс



Аналитика департаменті

Байланыс:
+7 (727) 259 88 77 (вн. 722)

Эл.адрес:
analytics@centras.kz

Брокерлік қызмет көрсету

Байланыс:
+7 (727) 259 88 77 (вн. 608)

Эл.адрес:
broker@centras.kz

Сауда операциялары департаменті

Байланыс:
+7 (727) 259 88 77 (вн. 730)

Эл.адрес:
trade@centras.kz

Сату департаменті

Байланыс:
+7 (727) 259 88 77 (вн. 754)

Эл.адрес:
broker@centras.kz

Осы материалды АҚ "Сентрас Секьюритиз" -тің аналитика бөлімі дайындаған. Бұл жарияланған материал тек ақпараттық сипатқа ие және АҚ "Сентрас Секьюритиз" тарапынан қандай да бір қаржы құралдарын сатып алу, сату немесе қандай да бір мәмілеге қатысу туралы ұсыныс болып табылмайды. Бұл құжатта келтірілген ақпарат Bloomberg және KASE сияқты "Сентрас Секьюритиз" -тің сенімді деп санайтын дереккөздерден алынған. Алайда, АҚ "Сентрас Секьюритиз", оның басшылығы мен қызметкерлері мұндай ақпараттың дәлдігіне, толықтығына және шынайылығына толық кепілдік бермейді және оны пайдалануға байланысты туындауы мүмкін клиент шығындары үшін жауапты емес. Бұл құжатта келтірілген бағалаулар мен пікірлер Компания аналитиктерінің жеке қорытындыларына негізделген. Аналитиктердің сыйақысы олардың дайындаған аналитикалық шолуларының мазмұнына немесе берген ұсыныстарының сипатына байланысты емес. Бұл ақпарат көпшілікке таратуға арналмаған және АҚ "Сентрас Секьюритиз" -тің алдын ала жазабаша рұқсатынсыз толықтай немесе ішінара көшіруге, таратуға немесе жариялауға болмайды.

Сентрас Секьюритиз, 2025 ж.